

Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 23 ақпандағы № 147 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 сәуірде № 10709 тіркелді.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-12) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРДАМАНЫН:

1. Қоса беріліп отырған Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндеттін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің

міндетін атқарушы

А. Волков

2015 жылғы 2 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

К. Қасымов

2015 жылғы 4 наурыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 23 ақпандығы
№ 147 бүйрүгімен
бекітілген

Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.08.2019 № 618 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-12) тармақшасына сәйкес әзірленді және кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авариялық жағдай - авариялық жағдай – кеменің апатқа ұшырауына әкеп соққан және оның теңізде жүзу қасиеттерінен ішінара немесе толық айырылуына (жоғалтуына) алып келген, кеменің басқа кемені (кемелерді), навигациялық жабдық құралдарын, жағалау құрылышжайын зақымдауына, кеменің сүйретіп жүзу объектісін жоғалтуына немесе зақымдауына, адамның қаза болуына немесе денсаулығына зиян келуіне, кемеден адамның жоғалуына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келуіне алып келген, кемемен болған оқиға;

2) навигациялық қауіпсіздік - навигациялық картаның және жүзуге арналған оқу құралының жеткіліктілігі мен дәлдігінің дәрежесі, навигациялық жабдық құралдарының штаттық орнынан ауысуы және олардың сипаттамаларының өзгеруі

туралы навигациялық жедел ақпараттың уақтылығы, жүзу ауданын гидрографиялық қамтамасыз етудің толықтығы мен сенімділігі, радионавигациялық құралдар сипаттамасының тұрақтылығы, ауа райы жағдайын болжау сапасы, жүзудің қауіпсіз жолдары туралы ұсынымдар және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да факторлар;

3) пайдаланылу шектеулері - авариялық жағдайдың нәтижесінде пайда болған техникалық жай-күйі деңгейінің төмендеуін және/немесе теңізде жүзу сапасының нашарлауын, жабдықтауда кемшіліктердің пайда болуын, жабдықтаудың толық болмауын ескере отырып, кемені пайдалану кезеңінде уәкілетті орган белгілеген белгілі бір талаптарды алып тастау;

4) порттың теңіз әкімшілігі (бұдан әрі – ТПӘ) – уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшесі;

5) сюрвейер – кемелер мен жүктөрді тексерумен айналысатын және олардың жай-күйі, авариялық жағдай кезінде бұзушылықтардың мөлшері туралы, кеменің теңізде жүзуі туралы қорытындыны беретін сарапшы;

6) теңізде жүзу сапасы - кеменің беріктілігіне, орнықтылығына, жүзушілігіне және батпаушылығына қойылатын талаптар жиынтығы;

7) тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл – авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін уәкілетті органның лауазымды адамы;

8) уәкілетті орган - сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) уәкілетті органның ведомствоы – Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті.

3. Тергеп-тексерудің мақсаттары себептерді және (немесе) ілеспе факторларды анықтау, авариялық жағдайды болашақта болғызбау және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

4. Халықаралық және аумақтық суларда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық суларында шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелермен болған авариялық жағдайлар осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен міндетті тергеп-тексеруге жатады.

Ескеरту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі м.а. 26.04.2023 № 286 (алғашқы реңми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштерінің және шекара қызметінің теңіз бөлімдерінің туын көтеріп жүзетін кемелерге қолданылмайды.

6. Авариялық жағдайлар:

1) елеулі авария;

- 2) авария;
- 3) оқыс оқиға болып жіктеледі.

7. Ауыр оқиға мынадай авариялық жағдайларды қамтиды:

- 1) кеменің қирауы;
- 2) кемені тікелей пайдаланған кезінде екі адамның өлімі немесе екіден аса;
- 3) сүйреткіш кеменің немесе сүйреткіш кеменің басқа жұзу объектісінің қирауы;
- 4) қоршаған ортаға қатты зиян келтіру, соның ішінде мұнай немесе мұнай өнімдерінің 250 тоннадан бастап және жоғары көлемінің төгілуі;

Аварияға мыналар жатады:

- 1) кемені тікелей пайдаланған кезде орын алған адамның өлімі;
- 2) кемені тікелей пайдаланған кезде адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру;
- 3) кемеден адамның жоғалуы;
- 4) кеменің зақымдануы (теңізде жұзу сапаларын жоғалу және/немесе пайдалану шектеулердің болуына байланысты өндірістік қызметіне кедергі жасау);
- 5) кеменің жұзу қасиеттерін жоғалуына келтірген кемемен тасымалданатын жүктөрдің орнын ауыстыру және/немесе кеме жүзетін жүктің физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруі, соның нәтижесінде кеменің теңіз деңгейінің жоғалуы;
- 6) кайранға тұру және қайранда 24 сағаттан аса тұруы;
- 7) қыры винтке (винтке) немесе рульге аулауға арналған торға орау жағдайын(балық аулау жабдықтары, траллдар) қоспағанда кеменің қозғалыс мүмкіншілігінен 24 сағаттан аса айыру;
- 8) кеменің, басқа кеменің немесе жеке тұлғаның немесе кеме қатынасының қауіпсіздігіне қауіпті кемемен теңіз инфрақұрылымының объектілерін зақымдау;
- 9) қоршаған ортаға елеулі немесе болжамды зиян келтіру, соның ішінде мұнай немесе мұнай өнімдерінің 10 тоннадан бастап 250 тоннаға дейін мұнайдың төгілуі.

Оқыс оқиғаға мыналар жатады:

- 1) жұзу қасиеттерін жоғалтусыз кеменің зақымдануы;
 - 2) кайранға тұру және қайранда 24 сағат және одан кем уақыт тұруы;
 - 3) кеменің жұзу қасиеттерін жоғалуына келтірмеген тасымалданатын жүктөрдің орнын ауыстыру;
 - 4) кеменің 24 сағат немесе одан кем уақытқа қозғалыссыз қалуы;
 - 5) кеменің сылуына байланысты қоршаған ортаға зиян келтіру, соның ішінде төтенше жағдайға жататын деңгейден төмен мұнай немесе мұнай өнімдерінің төгілуі.
8. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру дәлелдемелер жинақтау мен талдау, себептерін анықтау, тиісті ұсыныстар дайындау болашақта осындаі апаттардың алдын алу және теңізде жұзудің қауіпсіздік деңгейін арттыру, оның ішінде қызметкерлерді оқытууды қамтиды.

9. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия авариялық жағдайларды тергеп-тексеруді жеке және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін басқа тергеп-тексеру түрлеріне қарамастан жүргізеді.

10. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру кеменің, кез келген адамның немесе қоршаған ортаның қауіпсіздігіне зиян келтіру ниетімен жасалған әрекетті немесе әрекетсіздікті тергеп-тексеруді қамтымайды.

11. Уәкілетті орган авария мен елеулі аварияны тергеп-тексеру органы болып табылады.

Авария мен елеулі аварияны тергеп-тексеруді уәкілетті орган құратын комиссия жүзеге асырады.

Авария мен елеулі аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Тергеп-тексеру жөніндегі комиссия) құрамына уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылатын тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл, кеме иелері және мұдделі тұлғалар кіреді.

Оқыс оқиғаларды кеме иелері 20 жұмыс күннің ішінде тергеп-тексереді. Тергеп-тексерудің қорытындысы бойынша кеме иелері материалдарды 5 жұмыс күннің ішінде уәкілетті органға және ТПӘ ұсынады.

12. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысы тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің төрағалық етуімен жүргізіледі.

13. Осы Қағидаларға 1-косымшаға нысанға сәйкес тергеп-тексеру жөніндегі уәкілде авариялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және жүргізуға өкілеттік беретін авариялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің куәлігі бар.

2-тарау. Авариялық жағдай туралы хабарлама

14. Кеме капитаны шұғыл түрде орын алған авариялық жағдай туралы:

- 1) кеме иесіне;
- 2) ең жақын теңіз порттың капитанына;
- 3) ТПӘ-ге хабарлайды.

Авариялық жағдай шет мемлекеттің ішкі суларда, аумақтық суларда, балық аулайтын аймақтарда және ортақ су кеңістігінде болған жағдайда Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзетін кеме капитаны болған оқиға туралы ең жақын порттың теңіз әкімшілігіне немесе теңіз портына хабарлайды.

15. ТПӘ, кеме иесі, теңіз портының капитаны хабарлама алғаннан кейін шұғыл арада әр авариялық жағдай туралы бар акпаратты (хабарламаны) уәкілетті органға, ішкі істер органдардың аумақтық бөлімшелеріне және көлік прокуратурасына жолдайды.

16. Авариялық жағдай туралы хабарлама мынадай деректерді қамтиды:

- 1) кеменің атауы, Халықаралық теңіз ұйымының (бұдан әрі – ХТҰ) сәйкестендіру нөмірі, типі (сериясы), кемені тіркеудің теңіз порты (орны). Мұздан болған авариялық жағдай кезінде корпустың мұзға қарсы қүштейтілуінің нақты санатын көрсету;
- 2) кеме капитанының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 3) кеме иесі және оның ХТҰ нөмірі (болған жағдайда), мекен-жайы, телефоны;
- 4) күні, авариялық жағдайдың уақыты; авариялық жағдайдың орны (айлақ, бұғаз, шығанақ, рейд, ішкі сулар, аумақтық сулар, балық аулайтын аймақтар, ортақ су қеңістігі);
- 5) авариялық жағдайдың қысқаша сипаттамасы;
- 6) ауыр дene зақымын алғандардың және/немесе қайтыс болған адамдардың саны;
- 7) кеменің зақымдануы және қоршаған ортаға келтірген зиян;
- 8) авариялық жағдайға қатысы бар кемелердің сәйкестендіру деректер.

17. Авариялық жағдайды тіркеу авариялық жағдай туралы өтінішті және техникалық актіні алған кезде ТПӘ-нің лауазымды адамы жүзеге асырады.

3-тaraу. Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру тәртібі

18. Осы Қағидалары 7-тармағының бірінші және екінші бөліктермен белгіленген авария мен елеулі аварияның белгілері бар авариялық жағдай туралы хабарламаны алғаннан кейін Тергеп-тексеру жөніндегі комиссия оқиға болған орынды қарап тексеру, қатысқан тұлғалардан сұрау алу және авариялық жағдайдың түрін жіктеуге қажетті басқа негізгі іс-шараларды жүргізу мақсатында оқиға болған орынға жедел түрде шығады.

Оқиға болған орын Тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның қарап тексеруіне дейін өзгеріссіз қалады. Егер бұл талапты конструкция қатты бүлінгеннен кейін маңызды және кезек күттірмейтін жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты мүмкін болмағанда, дәлелдемелерді сақтау және болған жағдайды анықтау мүмкіндігін табу мақсатында оқиға болған орын бойынша ТПӘ маманы фотосурет, аудио мен бейнежазба арқылы құжат ресімдейді, сонымен бірге жекелеген тұлғалардың орналасқан жері, жабдықтың жай-қүйі мен орналасқан жері, бастықтардың нұсқауы, жұмыстарды орындауға рұқсаттар бойынша хаттама жасалады. Зақымдалған немесе іsten шыққан компоненттер кейбір бір негізгі заттарға егжей-тегжейлі ғылыми сараптама жүргізуді тағайындаі алатын Тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның келуіне дейін қауіпсіз жерде сақталады. Мұндай заттар таңбаланады.

Оқиғаға қатысы бар компания Тергеп-тексеру жөніндегі комиссиямен байланыста болу және оған қажетті ақпаратты жинауға көмектесу үшін үйлестірушіні тағайындауды.

19. Уәкілетті органның лауазымды адамы авариялық жағдайды тергеп-тексеру барысында авариялық жағдайға қатысы бар адамдардан және күәгерлерден сұрау алады

Авариялық жағдайға қатысы бар адамдар мен куәгерлерден сұрау алынған кезде сұрау алу хаттамасы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Көсымша жағдайларды анықтау қажеттілігі болған кезде авариялық жағдайға қатысты адамдар мен куәгерлермен сұрау өткізу туралы кеме иесіне немесе кеме капитанына хабарланады. Егер сұралуға тиісті адам тергеу органы орналасқан жерде болмаса, тергеу органының жеке тапсырмасы бойынша сұрау алу осы адамның немесе куәгердің тұрған жері бойынша осындай тиісті тергеу органында жүргізіледі. Егер сұралатын адам сұрау жүргізілетін тілді менгермесе, онда аудармашы шақырылады, оның қатысқаны туралы хаттамада көрсетіледі.

20. Тергеп-тексеру жөніндегі комиссия бастапқы іс-шараларды жүргізу нәтижелері бойынша авариялық жағдайдың түрін жіктей отырып, мынадай деректерді қамтитын акт жасайды:

- 1) Тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және лауазымы;
- 2) авариялық жағдайдың күні, уақыты және орны (порт, пирстер, борты, бухты, рейдтер, ішкі сулар, аумақтық сулар, балық аулайтын аймақтар, ортақ су кеністігі);
- 3) авариялық жағдай орын алған кеме туралы мәлімет (кеменің атауы, туы, ХТҰ нөмірі, тіркеу орны мен тіркеу нөмірінің порты (орны), құрылыш орны мен жылы;
- 4) кеменің сынған жерлерінің сипаттамасы (бар болса);
- 5) 16 жасқа толмаған балалардың (егер бар болса) санын көрсете отырып, зардап шеккен адамдардың саны туралы ақпарат (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні , азаматтығы);
- 6) авариялық жағдайдың түрі.

21. Елеулі авария мен аварияны тергеп-тексеруді Тергеп-тексеру жөніндегі комиссия уәкілетті органының басшысымен бекітілген тергеп-тексеруді жүгрізу туралы бұйрық шыққан сәтінен бастап 15 жұмыс күннің ішінде жүргізеді.

22. Кеме капитаны кеме немесе оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен кейін үш тәулік ішінде Тергеп-тексеру жөніндегі комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жағдайды, авариялық жағдайдың себептерін, салдары мен қатысқан тұлғаларды көрсете отырып, еркін нысанда жазылатын авариялық жағдай туралы толық есеп;
- 2) кеме құжаттардан үзінді көшірмелер;
- 3) авариялық жағдайға қатысы бар адамдардың және куәгерлердің түсініктемелері;
- 4) қажет болған жағдайда – өздігінен жазатын ленталар, мағынасын ашу, қатынас жолмен жол журу картасы;
- 5) маневрлік схемасы;
- 6) зақымдану схемалары мен сызбалары;

7) жіктеу қоғамының немесе Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің "Қазақстан кеме қатынасының

тіркелімі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - Кеме қатынасының тіркелімі) қызметкерлерінің техникалық қарап тексеру актісі;

- 8) су асты жүзуді тексеру және/немесе айлақ тексеру;
- 9) зақымданған жерлердің фотосуреттері;
- 10) жөндеу жұмыстарының алдын-ала калькуляциясы;
- 11) авариялық зақымдарды жоюды жүзеге асырған мамандандырылған ұйымдардың шоттары;
- 12) еркін нысанда жазылатын авариялық жағдайға байланысты кемені кезектен тыс куәландыру акттары;
- 13) мынадай ақпаратты қамтитын кеме иесінің қолы қойылған авариялық жағдай шығындарының қөлемі туралы анықтама:
 - кеменің аты, кеме иесінің атауы;
 - авариялық жағдайдың күні мен орны;
 - авариялық жағдайға келтірілген залалдың жалпы сомасы (теңгемен мың бір оннан ондығына тең);
 - кеменің теңізде жүзу қасиеттерін қалпына келтіру үшін авариялық зақымдарды жойю құны;
 - құтқару операцияларының құнын және/немесе авариялық кемені сүйреу және/немесе оны қолдауға арналған құны;
 - авариялық жағдайдың нәтижесінде жоғалған жүктөрдің құны және/немесе оның зақымдануынан болған шығын, орнын ауыстыру, қайта жүктеу шығындары;
 - кемелерді куәландыру мен түрін жіктеуге уәкілетті ұйымның кезектен тыс куәландыру актісі және кемелерді куәландыру мен түрін жіктеуге уәкілетті ұйымы берген куәландырудың басқа да түрлерінің актілері (егер Терге-тексеру жөніндегі комиссияға осы Қағидалардың тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну мүмкіндігі болмаған жағдайда, кеменің капитаны дербес немесе тәуелсіз сюрвейердің көмегі арқылы авариялық жағдай кезіндегі шығындардың шамамен алынған есептерін жасайды және ұсынады);
- 14) авариялық жағдай орын алған тейстың навигациялық жолын көрсетілген навигациялық картаның көшірмелері;
- 15) рейс (ПРД) туралы деректерді жазуға арналған кеме құралының немесе рейс туралы (У-ПРД) (егер бар болса) деректерді жазуға арналған кеменің жеңілдетілген құралының деректері;
- 16) авариялық жағдай болған кемені түрін жіктелген және куәландырылған кемелерді жіктеу мен куәландыруға уәкілетті ұйымның кеме мөрімен (егер бар болса) куәландырылған актілерінің көшірмелері;
- 17) кемеде жүргізілетін журналдарды қоспағанда кеме мөрімен (егер бар болса) куәландырылған кеме құжаттарының көшірмелері;

18) кеме мөрімен (егер бар болса) куэландырылған кеменің маневрлік элементтер кестесінің көшірмесі;

19) сүйрету арқандарын орнату схемалары;

20) кемені қарап тексеру актілері;

21) зертханалық талдау мен техникалық сараптамалардың нәтижелері;

22) авариялық жағдайға байланысты қағаз немесе электрондық тасымалдағышта (jpg немесе pdf форматындағы файлдар) фотосуреттер, соның ішінде авариялық жағдай орын алған сәттен бастап жиналған деректермен бірге навигациялық құралдардың экрандарынан алынған фотосуреттер; (немесе әхолот, GPS, радар және т.б. тасымалдағыштардың экрандарынан алынған ақпарат);

23) оқиға болған кезде ауа-райының нақты жағдайы және болжамды ақпарат.

23. Авариялық жағдайды тергеп-тексеру нәтижесінде Тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мыналарды анықтауы тиіс:

1) кеменің, экипаждың, жарақтардың, жабдықтың сауда мақсатында Қазақстан Республикасының теңізде жүзу саласындағы заңнамалығымен белгіленген талаптарға сәйкес келуі;

2) навигациялық жағдайды талдау;

3) авариялық жағдайға әкелген жағдайлар мен мән-жайлар;

4) авариялық жағдайдың себептері, оның салдары мен сыныпталуы;

5) авариялық жағдайға қатысты адамдардың әрекетін, оларға сыртқы факторлардың әсерін есепке ала отырып бағалау, олардың психологиялық жай-күйі, шаршау деңгейі;

6) авариялық жағдайға әкелген немесе болуына әсерін тигізген, кімнің нұсқауымен және қандай нормативтік талаптардың бұзылғандығын, орындалмағандығын, сакталмағандығын көрсете отырып, лауазымды адамдардың тізбесі;

7) ақталған тәуекелді есепке ала отырып, жасалған әрекеттердің теңізде жүзу қауіпсіздігі бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келуі.

Тәуекел бір уақытта мынадай жағдайларда ақталған болып танылады:

1) тәуекел өзі арналған мақсатқа сәйкес болуы тиіс;

2) мақсатқа қарапайым, тәуекелмен байланысты емес әрекеттермен қол жеткізілуі мүмкін емес;

3) тәуекел жалған залал келтірге шамадан өтпеуі керек;

4) материалдық объектілер, тәуекел нысаны болып табылады.

24. Авария мен елеулі аварияны тергеп-тексеруді аяқтағаннан кейін Тергеп-тексеру жөніндегі комиссия осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қорытынды жасайды.

25. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а.

26.04.2023 № 286 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Егер шетелдік кеме авариялық жағдайға тартылған болса, сондай-ақ елеулі аварияны тергеп-тексеру кезінде қорытынды жасалынады және ағылшын тіліне аударылады.

27. ХТҰ елеулі аварияның әрқайсысын тергеп-тексеру туралы қорытынды жібереді.

28. Егер тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның мүшесі қорытындымен келіспесе, онда ол өзінің жеке пікірін жазбаша түрде беріп, қорытындыға қосымша ретінде қоса беріледі.

29. Авариялық жағдайлардың алдын алу бойынша ұсыныстары бар қорытындының көшірмесі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күнінің ішінде Тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның барлық мүшелеріне және көлік прокуратурасының органдарына жіберіледі.

30. Кеме иесі уәкілетті органның қорытындысымен келіспеген жағдайда, кеме иесі тергеу материалдарын алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде өзінің наразылығын уәкілетті органға жібереді.

Кеме иесінен наразылық түскен жағдайда уәкілетті орган авариялық оқиға бойынша материалдарды кеме иесінің наразылығын ескере отырып, наразылық түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайта қарайды, содан кейін ол бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) күнтізбелік отыз күн ішінде кеме иесінің наразылығын ескере отырып, қосымша тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

2) кеме иесінің наразылығын қабылдамайды және қолданыстағы қорытындыны күшінде қалдырады.

Қабылданған шешім туралы уәкілетті орган кеме иесіне хабарлайды.

31. Кеме иесі қорытындыны алғаннан кейін алдағы уақытта осындай жағдайлардың қайталануын болдырмайтын профилактикалық шаралар жүргізеді. Сонымен бірге, кеме иесі кеменің техникалық жай-күйін, одан әрі пайдалану және/немесе жөндеу шарттарын анықтау мақсатында шетелдік сыйыптау қоғамына куәландыруға немесе Қазақстан кеме қатынасының тіркеліміне жібереді.

32. Авариялық жағдайлардың алдын алу бойынша ұсыныстардың орындалуын бақылауды ТПӘ жүзеге асырады, ол кейіннен уәкілетті органды хабардар етеді.

33. Комиссия төрағасының сұрау салуы бойынша елеулі аварияны немесе аварияны тергеп-тексеру мерзімін ұзартуға уәкілетті органның басшысының рұқсатымен жол беріледі.

Оқыс оқиғаның тергеп-тексеру мерзімін ұзартуды кеменің иесі негізделген себептер болған жағдайда уәкілетті органға хабарлай отырып, дербес жүзеге асырады.

Авариялық жағдайды тергеп-тексеру мерзімі мынадай жағдайларда ұзартылады:

1) занда көзделген тәртіппен куәландырылған, авариялық жағдайға қатысы бар адамның уақытша психикалық бұзылуы немесе өзге де ауыр науқастануы;

2) авариялық жағдайға қатысы бар адамның Қазақстан Республикасынан тысқары жерде болуы;

3) авариялық тергеп-тексерудің одан әрі жүргізілуіне кедергі болатын еңсерілмейтін күштің әрекеті;

4) тиісті сараптама жүргізу.

34. Навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етудің кемшіліктерінен болған авариялық оқиғаны уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз күштері өкілдерінің қатысуымен тергейді.

35. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумақтық суларының шегінде шетелдік кемемен болған авариялық жағдай туралы шетелдік кеме туының мемлекетінің теңіз әкімшілігіне хабарлайды.

36. Кеме иесі навигациялық жабдық құралдарының барлық зақымдану жағдайлары туралы ТПӘ-ге, Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштерінің тиісті қызметіне немесе зақымдалған жабдық кімнің қарауында болғанына байланысты су жолдарының мемлекеттік кәсіпорнына дереу хабарлайды.

37. Авариялық жағдай орын алған шетелдік кемелердің өкілі (Ту мемлекетінің теңіз әкімшілігі) тергеп-тексеруге қатыса алады.

38. Авариялық жағдайға қатысы бар шетелдік кемені ұстau Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

39. Авариялық жағдай орын алған шетелдік кеменің кеме иесінің немесе шетелдік кеме туының мемлекетінің теңіз әкімшілігінің қорытынды алған күннен бастап екі ай ішінде уәкілетті органға шағым жасайды.

40 Елеулі авария мен авариялардың статистикалық есебін уәкілетті орган, оқыс оқиғаларда - ТПӘ жүзеге асырады.

41. Статистикалық есеп электрондық түрде теңізде кемелермен болған авариялық жағдайларды тіркеу журналында жүргізіледі және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) авариялық жағдайдың нөмірі;

2) осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес авариялық жағдайды оқыс оқиғаға, аварияға немесе елеулі аварияға жатқызу туралы ақпарат;

3) авариялық жағдай орын алған кеменің типі мен атауы;

4) авариялық жағдай орын алған кеменің ХТҰ нөмірі;

5) авариялық жағдай орын алған кеменің иесі, ХТҰ нөмірі (болған жағдайда), мекенжайы, телефоны, факсы туралы ақпарат;

6) авариялық жағдай орын алған кеме капитанының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

7) авариялық жағдайға тартылған басқа кеменің (кемелердің) типі мен атауы;

8) авариялық жағдайға тартылған басқа кеменің (кемелердің) IMO нөмірі;

9) авариялық жағдайға тартылған басқа кеменің (басқа кемелердің) кеме иесі (кеме иелері) туралы ақпарат - ИМО нөмірі (болған жағдайда), мекен-жайы, телефоны, факсы ;

10) авариялық жағдайға тартылған басқа кеменің (басқа кемелердің) капитанының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

11) төтенше жағдайдың күні және уақыты;

12) авариялық жағдай орын алған жер (порт, айлақ, бұғаз, шығанақ, рейд, ішкі сулар , аумақтық сулар, балық аулаитын аймақтар және ортақ су кеңістігі);

13) авариялық жағдай орнының географиялық координаттары;

14) авариялық жағдайдың түрі (қайранға тұру, соқтығысу, кемені аударылуы, кеменің су басу, кеменің конструкцияларының және/немесе механизмдерінің қирауы/бүлінуі, қоршаған ортаны ластауы, адам өлімі, адам денсаулығына келтірілген ауыр зиян);

15) авариялық жағдайдың себебі;

16) авариялық жағдайдың салдары;

17) авариялық жағдайды тергеп-тексеруді жүргізген адам туралы ақпарат;

18) тергеп-тексерудің басталу және аяқталу күні;

19) тергеп-тексерудің мерзімін ұзарту туралы мәлімет;

20) болашақта осындай авариялық жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар туралы ақпарат;

21) авариялық жағдайға қатысты басқа да мәлімет.

42. Авариялық жағдайды тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін тергеп-тексерудің барлық материалдары жеке папкаға тігіледі, беттері нөмірленіп, құжаттар тізбесі жасалады. Папка "Авариялық іс" деп аталады.

Кемелермен болған
авариялық жағдайларды
тергеп-тексеру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Авариялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің куәлігі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 286 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

Алдыңғы жақ

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі	Елтаңба	Ministry of industry and infrastructural development of the Republic of Kazakhstan
	Teri FAMILY NAME	

ФОТОСУРЕТ	Аты GIVEN NAME
№00000001	Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл/ Investigator

Артқы жақ

Казақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі	Елтаңба	Ministry of industry and infrastructural development of the Republic of Kazakhstan
---------------------------------------------------------------------------------	---------	------------------------------------------------------------------------------------------

Тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің құқықтары: авариялық жағдай орын алған жерге жүзу уақытында кемеде болу; авариялық жағдайдың орын алған жерін карап-тексеру; барлық құжаттарға қол жеткізу; қатысқан адамдар және куәгерлерді сұрату; ұлттық заңнамамен және халықаралық актілермен регламентtelген өзге де құқықтары.	Investigator's rights: to be in a vessel during the way to the accident place; inspection the accident place; access to all documents; questioning of witnesses and involved persons; and rights were established by national legislation and international acts.
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

№00000001

Кемелермен болған
авариялық жағдайларды
тергеп-тексеру қағидаларына
2-қосымша

Сұрау хаттамасы

2019 жылғы "___" ____
___: ___ сағат

1.	Сұрау алынатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
2.	Сұрау алынатын адамның туған жылы, күні және айі	
3.	Кемеде атқарылатын лауазымы (авариялық жағдайда қатысқан экипаждың мүшесі үшін)	
4.	Сұрау алынатын адамның жұмыс тәжірибесі, оның ішінде барлығы теніз көлігінде және авариялық жағдай орын алған кемедегі соңғы қызметіндегі тәжірибесі	
5.	Сұрау алынатын адамның арнайы білімі (қандай оку орнын бітірген және қашан)	
6.	Сұрау алынатын адамның дипломы біліктілігі (дипломның атауы және нөмірі, қашан және кіммен берілген)	

7.	Сұрау алынатын адамның тіркелген мекенжайы және нақты тұрған жерінің мекенжайы	
8.	Сұрау жүргізген кезде берілген сұраптар мен алынған жауаптар: 1) _____; 2) _____; 3) _____; 4) _____; 5) _____; 6) _____; 7) _____.	
9.	Сұрау жүргізген адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және лауазымы	

(Сұрау жүргізген тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

қолы

(Жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

қолы

Кемелермен болған
авариялық жағдайларды
тергеп-тексеру қағидаларына
3-қосымша

Қорытынды кеме мен авария/елеулі авария туралы ақпарат

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 286 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

1. Авариялық жағдай жіктелген түрі: _____
(елеулі авария, авария, оқыс оқиға)
 2. Авариялық жағдай түрі: _____
(соқтығысу, қайранға тұру, ғимараттарға зақым келтіру, ластану, кеменің қирауы, қаза тапқандар)
 3. Авариялық жағдай күні мен уақыты: _____
 4. Орны: _____
(порт, ішкі сулар, аумақтық сулар, балық аулайтын аймақтар, ортақ су кеңістігі, мұхит, координаталар)
 5. Кеме туралы деректер: _____
- Атауы: _____
- Ту: _____

Халықаралық теңіз үйімінің номірі: _____

Рейс (қайдан және қайда): _____

Капитанның тегі, аты мен әкесінің аты (болған жағдайда): _____

Тіркелу порты (орын) және тіркелу номірі: _____

Кеме иесі, Халықаралық теңіз үйімінің номірі, мекенжайы: _____

Жасалған орны және жылы: _____

Кеменің ең үлкен өлшемі: _____

Сыйымдылығы (брутто/нетто): _____

Кеме электр қондырылардың типі мен қуаты: _____

Еспелі винттердің саны мен құрылымы: _____

Рульдың құрылымы: _____

Толық жүрісінің жылдамдығы(маневрлік/теңіз, кеме жүрісінің жылдамдығын білдіретін шамамен): _____

Авариялық жағдай кезіндегі кеменің суға шөгүі (тұмсық): _____

Авариялық жағдай кезіндегі кеменің суға шөгүі (кеменің артқы жағы): _____

Жолаушылар саны: _____

Жүктің саны мен түрі, оны трюмда орналастыру: _____

Экипаж саны: _____

Құтқару құралдарының штаттық жиынтығы: _____

Радиостанцияның қуаты және оның әрекет ету радиусы: _____

Электронды навигациялық аспаптар: _____

Су төгетін құралдардың саны мен қуаты: _____

Өртке қарсы құралдар: _____

Кемені мұзға қарсы қүшеттудің санаты: Отын және жанар-жағар май материалдардың саны туралы деректер: _____

6. Кеме түрін жіктеу мен куәландыруға уәкілетті үйімімен кемені куәландыру туралы ақпарат: _____

(жіктеу және конвенциялық құжаттарды беретін және кеме мен кеме қатынасы компаниясының соңғы куәландыруді жүргізетін орган (органдар).

6.1 Жіктеу куәлігінің жарамдылық мерзімі: _____

7. Авариялық жағдайдың салдары: _____

(адамның өлімі; адамның денсаулығына келтірілген ауыр зиян; адамның кемеден жоғалуы; жүктің жоғалуы; кеменің қирауы; корпус, механизм, жүйе, құралдар, жабдықтар, жүк пен басқа материалдық құндылықтардың бұзылуы; қоршаған ортаны ластау; теңіз инфрақұрылымының объектілерінің бұзылуы; кеменің тұруы (сағат, тәулік), авариялық жөндеуге байланысты кеменің тұруын қоса алғанда)

8. Теңіздегі авариялық жағдайдың қысқаша сипаттамасы: _____

9. Авариялық жағдайды тергеп-тексерудің нәтижесі: _____

- 9.1. Авариялық жағдайдың мән-жайы мен жағдайлары _____
- 9.2. Анықталған фактілер _____
- 9.3. Жағдайлар _____
10. Авариялық жағдайдың себептері _____
11. Болашақта осындай авариялық жағдайлардың алдын алу бойынша ұсынымдар _____

Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл _____

(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшесі _____

(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшесі _____

(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшесі _____

(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшесі _____

(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК